

**«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«№1 «Еркетай» Алға бөбекжай – балабақшасы» МКҚК
мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

02.10-04.10.2024 жыл

Мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №1
«Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық қазыналық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атқуы)

Ақтөбе қаласы
Кобландин көшесі, 10

«04» қазан 2024 жыл,
сағат 17.30

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын (бұдан әрі-Бағалау өлшемшарттары) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2024 жылдың 4 - 11 наурыз аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің №1 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-нде мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Нәтижесінде бұзушылықтар анықталып, Департаменттің 11.03.2024 жылғы № 18-2-4-06/517 қатынас хатымен анықталған кемшіліктерді көрсете отырып мемлекеттік аттестаттау туралы қорытынды берілді.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ «№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша берілген бұзушылықтарды жою туралы Департаменттің 11.03.2024 жылғы комиссияның №31 хаттамалық шешімі негізіндегі қорытындысына сәйкес және бөбекжай-балабақша ұсынылған 14.03.2024 жылы №01-12/19 шығыс хатымен іс-шаралар жоспарын (кірістелді: 14.03.2024 ж №18-2-4-05/761) ескере отырып, бұзушылықтарды жоюын күнін көрсетіле отырып, Департаменттің 14.03.2024 жылғы №148-н/к бұйрығымен аттестатталмады.

Осыған орай, 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №01-12/89 хатпен бірге ұсынған қайта аттестаттау материалдары бойынша (кірістеу 30.09.2024 ж № 18-2-4-05/3306) 2024 жылдың 2 - 4 қазан аралығында келесі құрамдағы комиссиямен қаралды (бұйрық №599 н/к, 01.10.2024ж.):

1.Каратаев Елемес Бисенғалиевич – Білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;

2.Ахметова Гаукар Койлыбаевна - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№17 «Шұғыла» балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;

3.Ниетбаева Алия Туремуратовна- «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 28 «Көркем» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі.

Комиссиямен мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтардың жойылғандығын айқындау мақсатында бөбекжай-балабақша ұсынған кемшіліктерді жою материалдарымен,білім беру саласындағы акпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтерін салыстыра отырып білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ «№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тарапынан кемшіліктерді жою бойынша растаушы құжаттар және «Кемшіліктерді жою есебі» ұсынылған.

9.Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:


9.3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31
------------	---

тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарауының 24-тармағының (Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруды қажет етеді) талаптары сақталмаған. Тәрбиешілер Нарымбетова Ақмарал Ыбрахимовна еңбек өтілі 7 жыл, Дүйсенбина Гүлдана Қаныбековна еңбек өтілі 9 жыл, Қармашева Айгерім Төрежанқызы еңбек өтілі 7 жыл, Бейсова Эльмира Тлектесовна еңбек өтілі 6 жыл, педагог-психолог Сансызбай Айжан Сансызбайқызы 13 жыл еңбек өтілі бола тұра біліктілік санатын арттырмағаны анықталды.


Жойылу барысы:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарауының 24-тармағына «мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санат деңгейін арттыруы (растауы) тиіс талабы орындалған:


1. Тәрбиеші Нарымбетова Ақмарал Ыбрахимовна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог - модератор» (бұйрық №01 - 07/48&2, берілген күні 24.09.2024 ж., тіркеу нөмірі: S8Q8HE) біліктілік санатын алған.
2. Тәрбиеші Дүйсенбина Гүлдана Қаныбековна - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог - модератор» (бұйрық №01 - 07/37, берілген күні 19.08.2024 ж., тіркеу нөмірі: MWQ0BY) біліктілік санатын алған.
3. Тәрбиеші Қармашева Айгерім Төрежанқызы - тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог - модератор» (бұйрық №01 - 07/37, берілген күні 19.08.2024 ж., тіркеу нөмірі: GDFT02) біліктілік санатын алған.



4. Тәрбиеші Бейсова Эльмира Тлектесовна еңбек өтілі 6 жыл болғанымен, 16.09.2019 – 01.07.2022 жж. аралығында бала күтіміне байланысты төлемақы сақталмайтын демалыста болған (09.09.2019 жылғы №01-36/49 &2 бұйрығы). Алайда 27.08.2024 жылы «педагог-модератор» біліктілік санатына өту үшін өтініш беріп, көрсетілген деңгейден төмен балл жинаған.



5. Педагог-психолог Сансызбай Айжан Сансызбайқызының еңбек өтілі жазылған, негізгі еңбек өтілі 4,10 жыл, еңбек кітапшасы қоса жалғанған.




Біліктілік арттыру курсының мерзімі 5 жылдан аса өтпеген педагогтер: музыкалық жетекшісі Шпанко Марина Владимировна (2017ж.), Қармашева Айгерім Төрежанқызы (2019ж.), Барвит Людмила Юрьевна (2017ж.).


Жойылу барысы:

1. музыкалық жетекшісі Шпанко Марина Владимировна 21.11-02.12.2022 жылы «Музыка пәні мұғалімінің құзіреттіліктерін дамыту» тақырыбында 80 сағаттық біліктілік арттыру курсынан өткен (берілген күні, 02.12.2022ж., тіркеу №0543588)

2. тәрбиеші Қармашева Айгерім Төрежанқызы 11.03-20.03.2024 жылы «Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру» тақырыбында 72 академиялық сағат көлемінде біліктілік арттыру курсынан өткен (берілген күні, 20.03.2024ж., тіркеу №0643962)



3. тәрбиеші Барвит Людмила Юрьевна зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты еңбек келісім-шарты тоқтатылып, 28.06.2024 жылы №01-36/45 бұйрығымен жұмыстан босатылған.




2.Кемшілік: Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес жағдай жасалғандығы туралы дәлелдейтін құжаттары (мекемеге кірер есікке мүмкіндігі шектеулі жандарға, балаларға арналып шақыру түймесі мен пандус құрылғаны туралы бейне суреттер көрсетіп ұсыну) ұсынылмаған.

Жойылу барысы:

Ерекше білімді қажет ететін балаларға мекемеге кірер есікке мүмкіндігі шектеулі жандарға, балаларға арналып шақыру түймесі мен пандус құрылғаны туралы бейне суреттер көрсетіп ұсынылған. Ақпарат өзін-өзі қайта аттестаттау бөлімінен алынды. Кемшілік жойылған.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасалғандығы туралы дәлелдейтін құжаттар (мекемеге кірер есікке мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған балаларға арналып шақыру түймесін мен пандус құрылғаны туралы) бейне суреттер




ҚАЙТА ҚОРЫТЫНДЫ: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ «№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-балабақшасы» МКҚК оқу-тәрбие процесіндегі қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына **СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.**

Мемлекеттік қайта аттестаттау нәтижесі: - Аттестатталды.


Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 4 қазандағы №97 хаттамасының шешіміне сәйкес.

Комиссия төрағасы


(қолы)

Каратаев Елемес Бисенғалиевич

Комиссия мүшелері


(қолы)

Ахметова Гаукар Койлыбаевна


(қолы)

Нийетбекова Алия Туремуратовна